

Техникалық сипаттама

(ЛОТ №31)

9

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Моноблок	<p>Процессор – Intel Core i5-1334U немесе эквивалентінен төмен емес (кемінде 10 ядро, 12 ағын, жиілігі 4.6 ГГц дейін);</p> <p>Жедел жад (оперативная память) – кемінде 16 ГБ DDR4;</p> <p>Жинақтаушы (накопитель) – SSD M.2 NVMe кемінде 512 ГБ;</p> <p>Жинақтаушы – SSD NVMe кемінде 512 ГБ;</p> <p>Экран – 23,8" IPS (UWVA), ажыратымдылығы Full HD (1920×1080), жаркылға қарсы жабыны бар, жарықтығы кемінде 250 кд/м²;</p> <p>Бейне карта – кіріктірілген Intel Iris Xe Graphics немесе эквивалент;</p> <p>Интерфейстер – HDMI, RJ-45, 2× USB 2.0, 2× USB 3.2, 1× USB Type-C, 3,5 мм аудио ұясы;</p> <p>Желілік мүмкіндіктер – Gigabit Ethernet, Wi-Fi 6, Bluetooth;</p> <p>Пернетакта мен тінтуір – сымды, жиынтықта болуы тиіс;</p> <p>Корпус түсі – кара;</p> <p>Салмағы – 5,4 кг-нан аспауы тиіс;</p> <p>Өлшемдері – 540,6 × 183,7 × 419 мм-ден аспауы тиіс;</p> <p>Алдын ала орнатылған операциялық жүйе – Windows 11 (лицензиялық);</p> <p>Кенселік бағдарламалық қамтамасыз ету – Microsoft Office Home (лицензиялық)</p>	14
	Барлығы		14

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері енгізілуі тиіс.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растьады және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологи ялық, табигатты корғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық саралтамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он еki) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушиден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмөндегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші денгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушиңің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.